№ исх: 03-29/Д-910//ДЗ-85 от: 18.03.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

____________________№____________________

*2021 жылғы 3 наурыздағы*
*№ ДЗ-85 хатқа*

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің «Ақ жол»**
**фракциясының депутаттарына**
(тізім бойынша)

**Құрметті депутаттар !**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі-Министрлік) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс (бұдан әрі-МҚТ) саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге қатысты өтінішті қарап, келесіні хабарлайды.

Бірінші кезекте 2021 жылғы 18 ақпанда қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарынан, мемлекеттік органдардан, әскери өкілдерден келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, «Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 759 қаулысына (бұдан әрі-Қалыптастыру қағидалары) өзгерістер енгізілгенін атап өту қажет.

«Әскери мақсаттағы тауарларға (өнімге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімге), әскери мақсаттағы жұмыстарға, әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде баға белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 772 қаулысына (бұдан әрі-Баға белгілеу қағидалары) өзгерістер жобасы да мемлекеттік органдардың және құрамына қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің көптеген кәсіпорындары, қауымдастықтар және мемлекеттік органдар кіретін арнайы құрылған жұмыс тобының қарауына жіберілді.

***Бірінші мәселе бойынша,*** «МҚТ орындау кезеңі» МҚТ іс-шарасын орындау бойынша шығындарды капиталдандыру кезеңін айқындайтынын және шарттарды жасасу мерзімдеріне ешқандай әсер етпейтінін ***хабарлаймыз***.

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес МҚТ орындауға арналған шарт үш жылға дейінгі мерзімге жасалады.

19.03.2021 Копия электронного документа.

Бұл ретте МҚТ орындауға арналған шарт әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарларды (өнімдерді) өндірудің, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындаудың және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетудің бүкіл кешенін орындауға да, сол сияқты осы тауарлардың (өнімдердің), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне де жасалады.

Шешуіне жаңа технологиялық шешімдерді әзірлеумен және игерімен, ұзақ инвестициялық циклы бар күрделі өнімді игерумен байланысты 5,10 жыл қажет болатын технологиялық міндеттерге келер болсақ, мұндай міндеттер ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы шешіледі, осыған байланысты осы шығыстарды сериялық өндірілетін әскери өнімнің құнына қайта қосудың қажетілігі жоқ.

***Екінші мәселе бойынша,*** Индустриялық сертификаттың болу қажеттілігі «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» Заңның 20-бабына сәйкес Тізілімге енгізу үшін заңды тұлғалар уәкілетті органға техникалық аудитті ұсынуға міндетті екендігімен негізделген.

Алайда осындай техникалық аудит Индустриялық сертификатты алған кезде жүргізіледі, осыған байланысты Қалыптастыру қағидаларында Индустриялық сертификат ұйымы болған кезде техникалық аудит осы құжатпен расталатыны көзделген.

Ұйымдарда әскери өкілдік болған жағдайларда, техникалық аудит жүргізілмейді, әскери өкілдіктің қорытындысымен расталады.

Бұл ретте Тізілім қызмет бағыттары (ұшақтарды, тікұшақтарды, оқ-дәрілерді әзірлеу, өндіру, жеткізу және т. б.) бойынша қалыптастырылады, тиісінше өндірістің белгілі бір түрі бойынша Индустриялық сертификатты ұсыну кәсіпорындар үшін оларды одан әрі дамытуға, мамандандырылған салалар бойынша өнім өндірісін кеңейтуге шектеу болып табылмайды.

Күтпеген мән-жайлар жағдайында шарттардың мерзімдерінің өзгеруі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен регламенттеледі және жасалатын шарттарда форс-мажорлық мән-жайлар ретінде айтылады. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайларда, тиісті негіздеуші құжаттарды ұсыну кезінде мерзімдерді ұзарту көзделеді.

*Анықтама ретінде: 2020 жылдың қорытындысы бойынша пандемияға байланысты туындаған форс-мажорлық жағдайларға байланысты жалпы сомасы 7 млрд.теңгеден асатын 10 шарт бойынша МҚТ орындау мерзімі ұзартылды.*

***Үшінші мәселе бойынша,*** Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 284-бабында, егер Қазақстан Республикасының заңнамасынан, шарттан, іскерлік айналым дағдыларынан, міндеттеме шарттарынан немесе оның мәнінен өзгеше туындамаса, тараптар өзара міндеттерді бір мезгілде орындауға тиіс деп айқындалған.

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Заңның 22-бабында МҚТ орындау уәкілетті орган немесе МҚТ алушы мен МҚТ

орындаушысы арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылатыны айқындалған.

Тиісінше, кәсіпорынның әскери мақсаттағы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дайындау жөніндегі міндеттемесі және осы шығыстарды мемлекеттің төлеу міндеттемесі шарт жасалғаннан кейін ғана туындайды.

Баға белгілеу қағидалары жобасының жаңа редакциясында шикізатты, материалдар мен жинақтауыштарды сатып алу бойынша шығыстар МҚТ орындау кезеңімен шектелмейді, кадрларды оқытуға және қайта даярлауға арналған шығыстарды өзіндік құнына қосу бойынша шектеулер де жоқ, сондай-ақ МҚТ құнын қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығындар құрамынан жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарына арналған шығыстар алып тасталды.

***Ерекше мәселе бойынша.*** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери өкілдерімен МҚТ орындаушылардың нақты шығындарын тексеру нәтижелері бойынша 2019 жылдың қорытындысы бойынша ғана өнім құнының 2,5 млрд.теңгеден астам сомаға негізсіз көтерілгені анықталды.

Бұл фактілер туралы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлаған болатын, өйткені қорғанысқа жұмсалатын шығыстарды шектеулі қаржыландыруды ескере отырып, бұл мән-жайлар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сапалы және толық жарақтандырылуына айтарлықтай әсер етеді.

Осыған байланысты, уәкілетті орган МҚТ құнын көтерудің анықталған сомаларын өтеу бойынша сотқа талап-арыз берді.

**Қазақстан Республикасының Индустрия**
**және инфрақұрылымдық даму**
**министрінің м.а** **Қ. Өскенбаев**

✍Т. Сетиев
☎ 8 (7172) 579-012
t.setiev@miid.gov.kz

_______________№_______________

___________________________________

*На № ДЗ-85*
*от 03 марта 2021года.*

**Депутатам фракции «Ак жол»**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
(по списку)

**Уважаемые депутаты!**

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее-Министерство) рассмотрев обращение касательно нормативно-правовых актов в области государственного оборонного заказа (далее-ГОЗ) сообщает следующее.

В первую очередь необходимо отметить, что 18 февраля 2021 года с учетом поступивших предложений от предприятий оборонно-промышленного комплекса, государственных органов, военных представителей в постановление Правительства Республики Казахстан от 14 октября 2019 года № 759 «Об утверждении Правил формирования, размещения и выполнения государственного оборонного заказа» (далее-Правила формирования) внесены изменения.

Проект изменений в постановление Правительства Республики Казахстан № 772 от 17.09.2019 года «Об утверждении Правил ценообразования на товары (продукцию) военного назначения, товары (продукцию) двойного назначения (применения), работы военного назначения, услуги военного назначения в рамках государственного оборонного заказа» (далее-Правила ценообразования) также направлен на рассмотрение государственных органов и специально созданной рабочей группе, в состав которой входят многие предприятия оборонно-промышленного комплекса, ассоциации и государственные органы.

***По первому вопросу сообщаем***, что «период исполнения ГОЗ» определяет период капитализации затрат по исполнению мероприятия ГОЗ и никак не влияет на сроки заключения договоров.

В соответствии со статьей 22 Закона Республики Казахстан «Об оборонной промышленности и государственном оборонном заказе» договор на выполнение ГОЗ заключается на срок до трех лет.

При этом, договор на выполнение ГОЗ заключается как на выполнение всего комплекса производства товаров (продукции) военного назначения, товаров (продукции) двойного назначения (применения), выполнения работ

военного назначения и оказания услуг военного назначения, так и на отдельные виды этих товаров (продукции), работ и услуг.

Что касается технологических задач на решение которых требуется 5,10 лет, связанных с разработкой и внедрением новых технологических решений, освоением сложной продукции, имеющих длительный производственный цикл, то такие задачи решаются через финансирование научно-исследовательских, опытно-конструкторских работ, а также инвестиционных проектов в связи с чем отсутствует необходимость повторного включения данных расходов в стоимость серийно производимой военной продукции.

***По второму вопросу***, необходимость наличия Индустриального сертификата обусловлена тем, что в соответствии со статьей 20 Закона «Об оборонной промышленности и государственным оборонным заказе» для включения в Реестр юридические лица обязаны представить уполномоченному органу технический аудит.

Но аналогичный технический аудит проводится при получении Индустриального сертификата, в связи с тем в Правилах формирования предусмотрено, что при наличии у организации Индустриального сертификата технический аудит подтверждается данным документом.

В случаях, когда в организациях имеется военное представительство, технический аудит не проводится, а подтверждается заключением военного представительства.

При этом, Реестр формируется по направлениям деятельности (разработка, производство, поставка самолетов, вертолетов, боеприпасов и др.), соответственно, предоставление Индустриального сертификата по определенному виду производства не является ограничением для предприятий в их дальнейшем развитии, расширении производства продукции по специализированным отраслям.

Изменения сроков договоров в случае непредвиденных обстоятельств регламентируются действующим законодательством Республики Казахстан и оговариваются в заключаемых договорах как форс-мажорные обстоятельства. В случаях наступления обстоятельств непреодолимой силы, пролонгация сроков предусматривается при предоставлении соответствующих обосновывающих документов.

*Справочно: По итогам 2020 года в связи с возникшими форс-мажорными обстоятельствами, связанными с пандемией, продлены сроки выполнения ГОЗ по 10 договорам на общую сумму более 7 млрд. тенге.*

***По третьему вопросу***, статьей 284 Гражданского кодекса Республики Казахстан определено, что взаимные обязанности должны исполняться сторонами одновременно, если из законодательства Республики Казахстан, договора, обычаев делового оборота, условий обязательства или его существа не вытекает иное.

Статьей 22 Закона «Об оборонной промышленности и государственном оборонном заказе» определено, что выполнение ГОЗ осуществляется на

основании договора, заключенного между уполномоченным органом или получателем ГОЗ и исполнителем ГОЗ.

Соответственно, обязательство по изготовлению товаров военного назначения, работ и услуг у предприятия и обязательство оплатить эти расходы у государства возникают только после заключения договора.

В новой редакции проекта Правил ценообразования расходы по приобретению сырья, материалов и комплектующих, не ограничиваются периодом исполнения ГОЗ, нет и ограничений по включению в себестоимость расходов на обучение и переподготовку кадров, а также исключены из состава затрат, не учитываемых при формировании стоимости ГОЗ, расходы на оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска.

***По особому вопросу.*** По результатам проверки военными представителями Министерства обороны Республики Казахстан фактических затрат исполнителей ГОЗ только по итогам 2019 года выявлено необоснованное завышение стоимости продукции на сумму более 2,5 млрд. тенге.

Об этих фактах Министерством обороны Республики Казахстан было сообщено в Правительство Республики Казахстан, так как с учетом ограниченного финансирования расходов на оборону, данные обстоятельства значительно влияют на качественное и полное оснащение Вооруженных Сил Республики Казахстан.

В связи с этим, уполномоченным органом поданы иски в суд по возмещению выявленных сумм завышения стоимости ГОЗ.

**И.о. Министра индустрии**
**и инфраструктурного развития**
**Республики Казахстан** **К. Ускенбаев**

✍Т. Сетиев
☎ 8 (7172) 579-012
t.setiev@miid.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ж. 17 наурыз
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 83-І/К
город Нур-Султан

**Іссапар және Министрдің**
**міндеттерін атқаруды жүктеу туралы**

1. Қазақстан-Тәжікстан экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 16-шы отырысына қатысу үшін 2021 жылғы 17 наурыздан бастап 18 наурызды қоса алғанда 2 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда) Душанбе қаласына (Тәжікстан Республикасы) қызметтік іссапарға жүремін.

2. Іссапар кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Каирбек Айтбаевич Ускенбаевқа жүктелсін.

3. Барлық іссапар шығыстары 2021 жылға арналған республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» 005 бюджеттік бағдарламасы бойынша төленетіндігі мәліметке алынсын.

**Министр** **Б. Атамқұлов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ * МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ * КАДР ЖҰМЫСЫ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС

0008207